

«Есірткі заттардың, жүйкеге әсер ететін немесе улы заттардың, прекурсорлардың заңсыз айналымына байланысты қылмыстар және құқық бұзушылықтар, оларды пайдаланушы адамдар туралы» № 1-Н нысанды есепті және оны құрастыру жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының 2003 жылғы 16 қаңтардағы N 2 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 14 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 2172. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 1 қазандағы № 101 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Бас Прокурорының 2014.10.01 № 101 (2015.01.01 ж. бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың атауы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2012.09.03 № 104 (ресми түрде жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Қылмыстық, қылмыстық істерді жүргізу заңдарының өзгеруімен, Қазақстан Республикасының "Прокуратурасы туралы" заңының 11 бабын 4-1-тармақшасын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Құқықтық статистика субъектілері мен келісу арқылы, «Есірткі заттармен заңсыз айналыс жасаумен, психотроптық, немесе улы заттарды, оның құрамдық бөліктерін пайдаланушы тұлғалармен байланысты қылмыстар және құқық бұзушылықтар туралы» № 1-Н есеп нысанын бекітіп қолданысқа енгізу және оны құрастырудың реттері жөніндегі Нұсқауды, 2003 жылғы 1 қаңтардан бекітіліп қолданысқа енгізілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 145 (4-т. қараңыз) бұйрығымен.

2. Облыстық құқықтық статистика және ақпарат орталықтарының және оларға теңестірілгендердің прокурорлары мен бастықтарына, Қазақстан Республикасының Бас прокуратура жанындағы құқықтық статистика және ақпарат (Департаменті) орталығының бастығына, құқықтық статистика субъектілеріне, облыс әкімдерінің, Алматы, Астана қалаларының денсаулық басқармалары мен (департамент) бастықтарына осы бұйрық жүзеге асырылу үшін жолдансын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Бас прокурорының орынбасары М.К.Ваисовқа жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры
2-ші дәрежелі мемлекеттік

заң кеңесшісі
"КЕЛІСІЛГЕН":

Қазақстан Республикасының
Жоғарғы Сотының Төрағасы
2003 жылғы 15 қаңтар

Қазақстан Республикасының
ішкі істер министрі
2003 жылғы 29 желтоқсан

Қазақстан Республикасының
қорғаныс министрі
2003 жылғы 29 қараша

Қазақстан Республикасының
денсаулық сақтау министрі
2002 жылғы 10 желтоқсан

Қазақстан Республикасының
ұлттық қауіпсіздік
комитетінің Төрағасы
2002 жылғы 12 желтоқсан

Қазақстан Республикасының
қаржы полициясы
агенттігінің Төрағасы
2002 жылғы 21 желтоқсан

Қазақстан Республикасының
кедендік бақылау
агенттігінің Төрағасы
2002 жылғы 3 желтоқсан

Қазақстан Республикасының
Бас Прокурорының
2003 жылғы 16 қаңтардағы
N 2 бұйрығымен
бекітілген

**"Есірткі заттарының, жүйкеге әсер ететін немесе улы заттардың,
прекурсорлардың заңсыз айналымына байланысты қылмыстар және**

құқық бұзушылықтар, оларды пайдаланушы адамдар туралы» № 1-Н нысанды есепті құрастыру жөніндегі нұсқаулық

Ескерту. Нұсқаулықтың атауы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 145 (4-т. қараңыз) бұйрығымен.

Ескерту: Мәтін бойынша "Құқықтық статистика және ақпарат орталықтарымен", "Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және ақпарат орталығы (департаменті)", "Құқықтық статистика және ақпарат орталықтары", "Құқықтық статистика және ақпарат орталығы (департаменті)", "Құқықтық статистика және ақпарат орталықтары", "Құқықтық статистика орталықтарымен" сөздері тиісінше "Комитеттің аумақтық органдарымен", "Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті", "Комитеттің аумақтық органдарының", "Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті", "Комитеттің аумақтық органдары", "Комитеттің аумақтық органдарымен" сөздерімен ауыстырылды - ҚР Бас прокурорының 2007 жылғы 12 наурыздағы N 7 бұйрығымен.

Ескерту. 1-бөлімнің атауы алынып тасталды - ҚР Бас Прокурорының 2012.09.03 № 104 (ресми түрде жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

1. Жалпы ереже

Ескерту. 1-тараудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2012.09.03 № 104 (ресми түрде жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

1. Осы Нұсқаулық «Есірткі заттарының, жүйкеге әсер ететін немесе улы заттардың, прекурсорлардың заңсыз айналымына байланысты қылмыстар және құқық бұзушылықтар, оларды пайдаланушы адамдар туралы» № 1-Н нысанды есепті (бұдан әрі – есеп) құрастыру және қалыптастырудың бірыңғай тәртібін б е л г і л е й д і .

Есеп жүргізудің мақсаты, есірткі заттармен заңсыз айналыс жасаумен, немесе улы заттарды, оның құрамдық бөліктерін пайдаланушы тұлғалармен байланысты қылмыстар және құқық бұзушылықтардың түрлері бойынша, сондай ақ есірткі заттармен және оның құрамдық бөліктерін пайдаланып қиянат жасаушы тұлғаларды есепке алу мәліметтерімен ақпаратты жинақтап, жүйелендіру.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 145 (4-т. қараңыз) бұйрығымен.

2. Құқықтық статистика субъектілеріне жататындар: Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппараты), прокуратура органдары, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасының экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыспен күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы), Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасының ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті. Бұлардан басқа есептің 5 «Есірткі заттарының, жүйкеге әсер ететін заттардың, прекурсорлардың заңсыз айналысына байланысты әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған және әкімшілік жауапкершілікке тартылған адамдар туралы мәліметтер» және 7 «Есірткі заттарын, жүйкеге әсер ететін заттарды пайдаланушы адамдарды есепке алудың нәтижелері жөніндегі мәліметтер» бөлімдері бойынша берілетін деректерін облыстардың, Астана, Алматы қалалары әкімдіктерінің кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау комиссиясы және денсаулық сақтау басқармалары (департаменттері) ұсынады.

3-бөлімнің «Сараптамаға шығындалған есірткі заттар, жүйкеге әсер ететін заттар туралы мәліметтер» Г, «Сараптамаға шығындалған прекурсорлар туралы мәліметтер» Д және «Сараптамаға шығындалған улы заттар туралы мәліметтер» Е кестелерінің және «Есірткі заттарды, жүйкеге әсер ететін заттарды және прекурсорларды қолданатын тұлғаларды түзету мекемелеріне есепке қоюдың нәтижелері туралы мәліметтер» 9-бөлімінің мәліметтері тиісінше Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Сот сараптамасы орталығының және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің аумақтық бөлімшелеріне есептік кезеңнен кейінгі айдың 4-күніне ұсынылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 145 (4-т. қараңыз) бұйрығымен.

3. Қазақстан Республикасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет) аймақ бойынша және құқықтық статистиканың әрбір субъектісіне жиынтық есепті 7 және 9 бөлімдерді қоспастан құрады.

7 және 9 бөлімдерді Комитеттің аймақтық органдары және оларға теңестірілген аумақтық органдары құрады, көрсетілген органдардың бастықтары қол қояды және Комитетке жолдайды.

Есепті құрастыру кезінде, техникалық тапсырмаға сәйкес есептің өз көрсеткіштері мен өзге де есептер нысанының арасындағы логикалық

ар а қ а т ы н а с т ы

с а қ т а у

қ а ж е т .

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 145 (4-т. қараңыз) бұйрығымен.

4. Есептің толықтылығы мен шүбәсіздігіне, есеп құрастырушы құқықтық статистика субъектілерінің басшылары, Комитеттің аумақтық органдарының бастықтары және орындаушылар жауапты.

Комитеттің аумақтық органдарының бастықтары есептердегі бұрмалаушылықтарды жою шараларын қабылдап, бақылауға міндетті.

Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының бұйрықтарында белгіленген реттерде, құқықтық статистика және ақпарат орталығына модемдік байланыс бойынша жолданған есептер, түзетіле алынады.

Есептер қолданыстағы іс жүргізу ережелері бойынша тіркеледі, жөнелтіледі ж ә н е с а қ т а л а д ы .

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 145 (4-т. қараңыз) бұйрығымен.

2. Есептерді ұсыну мерзімдері

Ескерту. 2-тараудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2012.09.03 № 104 (ресми түрде жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Ескерту. 2-тарау жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2009.01.26. N 4 Бұйрығымен.

5. Есеп осы Нұсқаулықта белгіленген мерзімде және толық көлемде ұсынылуы қажет. Есептің 7, 9 бөлімдерін Комитетке ұсыну күні оның модемдік байланыс арқылы түсу күні болып табылады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 145 (4-т. қараңыз) бұйрығымен.

6. Есеп тоқсан сайын үдемелі қорытындымен құрылады және:

1) Комитет есептік кезең бойынша статистикалық бөлікті «Бірыңғай біріздендірілген статистикалық жүйе» автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – ББСЖ ААЖ) бекіткен соң есептің 1, 2 бөлімдерін, 3-бөлімнің А, А-1, Б, В кестелерін, 4 және 6 бөлімдерін қалыптастырады;

2) 7, 9 бөлімдерді құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілері Комитеттің аумақтық органдарына есептік кезеңнен кейінгі айдың 1-күніне, Комитеттің аумақтық органдары Комитетке айдың 4-күніне;

3) 5, 8 бөлімдерді Комитеттің аумақтық органдары Қазақстан Республикасы сот органдарының Бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесінің статистикалық кесіндісін бекіткеннен кейін ұсынады;

4) Комитет есепті Комитет Төрағасына бекіту үшін есептік кезеңнен кейінгі айдың 14-күніне ұсынады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 145 (4-т. қараңыз), өзгеріс енгізілді - 2012.09.03 № 104 (ресми түрде жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрықтарымен.

7. 3-бөлімнің Г, Д, Е кестелерінің, есептің 5, 7, 8 және 9 бөлімдерінің түпнұсқаларын Комитеттің аумақтық органдары есептік кезеңнен кейінгі айдың 20-күніне Комитетке жолдайды.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 145 (4-т. қараңыз) бұйрығымен.

Ескерту. 2-бөлімнің атауы алынып тасталды - ҚР Бас Прокурорының 2012.09.03 № 104 (ресми түрде жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

3. «Есірткі заттардың, жүйкеге әсер ететін немесе улы заттардың және прекурсорлардың заңсыз айналымына байланысты қылмыстар туралы мәліметтер» 1-бөлімін қалыптастыру

Ескерту. 3-тараудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2012.09.03 № 104 (ресми түрде жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

9. Есептің 1-ші бөлімінде есірткі заттармен заңсыз айналыс жасаумен, немесе улы заттарды, оның құрамдық бөліктерін пайдаланушы тұлғалармен байланысты қылмыстар және құқық бұзушылық жасаған тұлғалар жөніндегі мәліметтер, бұлардың қылмыстық істері есептік кезеңде қозғалып сотқа жолдаумен аяқталған, тоқтатылған, іс қозғауы тоқтатыла тұрған, қылмыстық істер мерзімі бойынша Қазақстан Республикасының қылмыстық істерді жүргізу кодексі белгілеген мерзімнен асып кеткен, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың, тұлғалар тобының, ұйымдасқан топтың есірткіні пайдаланып мас және уытқұмарлығы қоздырылған күйлерінде жасалған қылмыстар саны көрсетіледі.

Есептің бөлімі 1.0, 1.1, 3.0, 1-Н нысанды карточкалардың деректері негізінде құрылады.

Бөлімнің бүйір жағында көрсетілген Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің баптарына сәйкес, есірткілік, психотроптық немесе улы заттармен байланысты қылмыстар туралы мәліметтер көлденең жолдар бойында көрсетіледі.

Бағандар бойынша көрсеткіштерді қалыптастыруда міндетті түрде мына ережені ұстану керек, егер де қылмыстық іс бойынша есепті кезеңде сотқа жіберу, тоқтату, тоқтатыла тұру туралы алғашқы іс жүргізушілік шешім қабылданса,

олардың есепте көрсетілуі қажет. Егер де қылмыстық іс бұрынғы өткен жылдар кезеңінде тоқтатылып, есептен алынғандар немесе ашылмауына байланысты тоқтатыла тұрғандар қатарына жатқызылса және ағымды есеп кезеңінде іс қозғалып, қайтадан бұрынғыға ұқсас шешім қабылданса, есепте мұндай шешім көрсетілмейді. Егер де осы айтылған жағдайда, басқа шешім қабылданса, ол есепте көрсетіледі. Ағымды жылдағы тіркелген қылмысты істер бойынша бұрынғы іс жүргізушілік шешім өзгерген жағдайда, есеп беру кезеңінде қабылданған ақырғы шешім көрсетіледі.

М ы с а л ы :

1) 2001 жылдың қорытындысы бойынша қылмыстық іс сотқа жіберілгендер қатарында, ал 2002 жылғы қаңтарда ол қосымша тергеу үшін қайтарылды, және сол жылғы наурызда қайтадан сотқа жолданды. Осы жағдайда қылмыстылық 1-ші бағанда (есептік кезеңде істері өндірісте болған қылмыстар саны), 3-ші бағанда (есеп беру кезеңінде сотқа жөнелтілген қылмыстар саны), 4-ші бағанда (сотқа жіберілген істер саны) есептелмейді, бірақ та тұлғалар мен қылмыстар, оларды жасағандарды есепке алудың бірыңғай журналында көрсетіледі де істері сотқа қайтадан беру туралы шешім қабылданғандары автоматтандырылған мәліметтер банкісіне енгізіледі.

2) 2001 жылдың қорытындысы бойынша қылмыстық іс сотқа жіберілген деп саналады, 2002 жылдың қаңтарында ол қосымша тергеу жүргізу үшін қайтарылған және сол жылдың ақпанында Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексінің 1-ші бөлімінің 50 бабының 1-ші тармағы негізінде тоқтатыла тұрған. Бұл жағдайда, іс есепте, іс жүргізуге қабылданған және есеп беру кезеңінде ашылмағандығына байланысты тоқтатыла тұрған ретінде көрсетіледі.

3) 2001 жылдың қорытындысы бойынша қылмыстық іс Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексінің 1-ші бөлімінің 50 бабының 1-ші тармағы негізінде тоқтатыла тұрған деп саналады, 2002 жылғы ақпанда ол бойынша іс қозғалып, сол жылдың сәуірінде іс сотқа жолданды. Мұндай жағдайда іс есеп беру кезеңінде өндірістегі және сотқа жолданған ретінде есепке алынады.

4) 2001 жылдың қорытындысы бойынша іс сотқа жолданған деп саналады, 2002 жылдың сәуірінде ол қосымша тергеу жүргізу үшін қайтарылады, бұдан соң Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексінің 1-ші бөлімінің 37-ші бабының 11-ші тармағы негізінде (өлуіне қатысты) тоқтатылады. Осы жағдайда бірыңғай журналға белгі қойылып, автоматтандырылған мәліметтер банкісі мұрағатына енгізіледі, бірақ та есепте осы есеп беру кезеңінде ақталмайтын негізде тоқтатылғандығы көрсетілмейді.

1-ші және 2-ші бағандарды есептеуде, қылмыстық істер бойынша есеп беру

кезеңінде есептен шығарылып, тоқтатылғандар есепке алынбайды. Қылмыстық істерді тоқтату, кейін есептен алынуының негізі Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2005 жылғы 17 маусымдағы "Қылмыстар, қылмыстық істер, олардың тергелу және сотта қарастырылу нәтижелері туралы өтініштер мен хабарламаларды бірыңғай кәртiшкелiк есепке алу бойынша Нұсқаулық (Бірыңғай біріздендірілген статистикалық жүйе)" N 27 бұйрығымен бекітілген, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Реестрінде N 3704 тіркелген Нұсқауда а н ы қ т а л ғ а н .

1-ші бағанда есеп беру кезеңінде өндірісте болған қылмыстар, қылмыстық істер саны көрсетіледі. Бұларға жататындар есеп беру кезеңінде тіркелген қылмыстар, оның ішінде өткен жылдардағы есеп беру кезеңінде шешім қабылданбағандар немесе алғашқы рет іс қозғаушылық шешім қабылданғандар, қайтадан басқа жылдардағы істер бойынша басқа шешімдер қабылданғандар, тоқтатылып есептен алынғандардан басқа.

Ескерту: 9-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Бас прокурорының 2004.02.10 N 7, 2007.03.12 N 7, 2011.12.30 № 145 (4-т. қараңыз) бұйрықтарымен.

10. 1-ші бағандағы қылмыстар, қылмыстық қудалау органының есебі бойынша көрсетіледі, өйткені қылмыстық іс осы уақытта оның өндірісінде; сотқа жолдау туралы, іс жүргізушілік шешім қабылданған, тоқтатыла тұрған немесе тоқтатылған істер және олардың әрі қарай қозғалысы туралы, ақырғы іс жүргізушілік шешім қабылдаған органның есебінде мәліметтер жоқ.

2-ші бағанда, есеп беру кезеңінде тіркелген, кімнің қылмыстық іс қозғағанынан тәуелсіз, дербес, алдын ала тергеуші, анықтаушы орган немесе прокурор. Егер де іс бір органмен қылмыстық қудалау (мысалы, қаржы полициясымен) қозғалса және тергеуге алынуы бойынша кейіннен басқа органға берілетін (мысалы ішкі істер органдарына), бұл жөнінде 2-ші бағандағы қылмыстар тек қана қылмыстық іс қозғаған органның есебі бойынша көрсетіледі (қаржы полициясының есебі бойынша).

3-ші бағанда, есеп беру кезеңіндегі қылмыстық істердің алғашқы реті сотқа қылмыстың тіркелген уақытынан тәуелсіз, жолданғандарының саны көрсетіледі.

4-ші бағанда, сотқа алғашқы рет жолданған істер саны көрсетілуі қажет.

5-ші бағанда қылмыстардың жалпы саны, қылмыстық істер бойынша алғашқы рет Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексінің 37, 38-ші баптары негіздерінде (оның ішінде прокурормен) тоқтатылғандары көрсетіледі.

6-ші бағанда, істері ақталмайтын негізде (есептен шығарылмайтын) қылмыстар саны көрсетіледі.

7-ші бағанда, істердің қылмыстық қудалау мерзімінің өтуіне байланысты тоқтатылған қылмыстар саны көрсетіледі.

8-ші бағанда, істері тоқтатылып (есептен алынған) қылмыстардың жалпы саны көрсетіледі, ал 9-ші бағанда, істері Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 1-ші бөлімдегі 37-ші баптың және 2-ші тармақ негізінде тоқтатылған қылмыстардың жалпы саны көрсетіледі.

10-шы бағанда есеп беру кезеңінде, істері алғашқы рет тоқтатыла тұрған қылмыстардың жалпы саны көрсетіледі.

11, 12, 13, 14, 15-ші бағандарда, есеп беру кезеңінде қылмыстық істері алғашқы рет ашылмағандығынан Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу 1-ші бөлімі 50-ші бабының 11, 2, 4, 5, 7 тармақтар бойынша әрбір негіздер бойынша жекелеп көрсетіледі.

16-бағанда, Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 196, 285-баптары белгілеген мерзімнен артық өндірісте жатқан қылмыстар көрсетіледі, яғни істі қозғаған күннен бастап екі айлық тергеу мерзімі өтіп кеткен істер бойынша немесе істі қозғаған күннен бастап 10 күндік анықтау мерзімі өтіп кеткен істер бойынша қылмыстар есепке алынады.

17, 18, 19, 20, 21, 22 және 23-бағандарға кәмелетке толмағандар, адамдар тобы және ұымдасқан топ (қылмыстық қоғамдастық), соның ішінде анықталған аймақаралық және халықаралық байланыстармен (19-бағаннан), есірткіге мас немесе уытқұмарлығы қозған күйінде жасаған қылмыстар бойынша аяқталған істер жөніндегі мәліметтер енгізіледі, 23-бағанда аяқталған істер бойынша қылмыстардың ішінен алып қойылған және сипатталған материалдық құндылықтар мен ақшалай қаражаттардың (мың теңгеліктер түрінде) саны бейнеленеді.

28-бағанда есептік кезеңде "бақылаулық жеткізу" әдісі бойынша анықталған тіркелген нашақорлық қылмыстар саны бейнеленеді.

Ескерту: 10-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Бас прокурорының 2004.02.10 N 7, 2005.06.13 N 22, 2011.12.30 № 145 (4-т. қараңыз) бұйрықтарымен.

10-1. 24-бағанда қызметтік-іздістіру иттерін қолдану арқылы анықталған қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың саны ескеріледі, солардың ішінен 25-бағанда қылмыстар бойынша ескеріледі, 26-бағанда бас тарту материалдары бойынша. Есептік кезеңде құқық қорғау органдарының жұмыскерлеріне қатысты қозғалған нашақорлық қылмыстардың саны 27-бағанда бейнеленеді.

27-бағаннан 28-бағанда сотқа жіберілген, 29-бағанда ақталатын негіздер бойынша қысқартылған қылмыстар ескеріледі.

30-бағанда есептік кезеңде «бақылаулық жеткізу» әдісі бойынша анықталған тіркелген нашақорлық қылмыстар, солардың ішінде 31-бағанда мемлекет аумағына әкелінгендер, 32-бағанда шекарадан шығарылғандар саны бейнеленеді.

Ескерту: 10-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас прокурорының 2011.12.30 № 145 (4-т. қараңыз) бұйрығымен.

4. «Есірткі заттардың, жүйкеге әсер ететін немесе улы заттардың және прекурсорлардың заңсыз айналымына байланысты қылмыстарды жасаған адамдар туралы мәліметтер» 2-бөлімін қалыптастыру

Ескерту. 4-тараудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2012.09.03 № 104 (ресми түрде жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

11. 2-ші бөлім есебі есірткі заттармен заңсыз айналыс жасаумен, психотроптық және улы заттарды пайдаланушы тұлғалардың жасаған қылмыстарының аяқталған істері туралы мәліметтерінен тұрады.

Есептің бөлімі № 2.0 нысанды статистикалық карточкадағы ақпарат негізінде қ а л ы п т а с т ы р ы л а д ы .

Жолдарда, Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің баптарына сәйкес, қылмыстар туралы мәліметтер көрсетіледі.

Ескерту: 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Бас прокурорының 2011.12.30 № 145 (4-т. қараңыз) бұйрығымен.

12. 1-ші бағанда, есірткі заттармен заңсыз айналыс жасаумен психотроптық және улы заттармен байланысты қылмыс жасаған тұлғалардың жалпы саны к ө р с е т і л е д і .

1 бағаннан 3-16-ші бағандарына қылмыс жасаған жекеленген тұлғалар санаты ;

бұрын қылмыс жасағандар, кәмелетке жетпегендер, әйелдер, Қазақстан Республикасының, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар саны б ө л і н е д і .

Ескерту: 12-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Бас прокурорының 2005 жылғы 13 маусымдағы N 22 бұйрығымен .

5. «Есірткі заттарды, жүйкеге әсер ететін немесе улы заттарды және прекурсорларды алып қою және жою туралы мәліметтер» 3-бөлімін қалыптастыру

Ескерту. 5-тараудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2012.09.03 № 104 (ресми түрде жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

13. Есептің 3-ші бөлімде заңсыз айналыстан алынған есірткілік құралдар, психотроптық заттар, олардың құрамдық бөліктері мен улы заттарды түр-түрлері бойынша жойылған көлемдері жөніндегі мәліметтер бар.

Есептің бөлімі 1.0, 1-Н нысанды карточкадағы ақпарат негізінде

қ а л ы п т а с т ы р ы л а д ы .

Есептің бөлімі «Есірткі заттарды және жүйкеге әсер ететін заттарды алып қою және жою туралы мәліметтер» А кестесінен, «Құқық қорғау органдарының бірлескен іс-шаралары барысында есірткі, жүйкеге әсер ететін заттарды алып қою туралы мәліметтер» А-1 кестесінен, «Прекурсорларды алып қою және жою туралы мәліметтер» Б кестесінен, «Улы заттарды алып қою және беру туралы мәліметтер» В кестесінен, «Сараптамаға жұмсалған есірткі заттар, жүйкеге әсер ететін заттар туралы мәліметтер» Г кестесінен, «Сараптамаға жұмсалған прекурсорлар туралы мәліметтер» Д кестесінен, «Сараптамаға жұмсалған улы заттар туралы мәліметтер» Е кестесінен тұрады.

А кестесінің 1 жолында, заңсыз айналыстан алынған есірткілік құрамдар мен психотроптық заттардың, оның ішінде қозғалған қылмыстық істер бойынша, қабылданбаған материалдар бойынша, әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі материалдар бойынша, қылмыстық істер бойынша, контрабандалық жолмен келген, сондай-ақ есірткілік құралдар, психотроптық заттардың жойылған мөлшері, олардың ішінде сот шешімі бойынша және де басқа мемлекеттік органдардың шешімімен ағымды есеп беру кезеңінде, жойылғандарының м ө л ш е р і к ө р с е т і л е д і .

Есеп бөлімінің қалған жолдарында есірткілік заттар, психотроптық құралдар түрлері, көлемі мен саны жөнінде көрсетіледі. Бұл жағдайда жолдардың кодтық белгілері Нұсқаудың Анықтамасы бойынша белгіленеді (2-ші қосымша).

Бөлімнің басқа жолдарында есірткілік құралдардың, психотроптық заттардың түр-түрлері бойынша мөлшерлері көрсетіледі. Бұл жағдайда жол коды Нұсқаудың Анықтамасындағы белгіленген кодпен көрсетіледі.

Мысалы, есептің 1 бөліміндегі кестенің 21 жолының "есірткілер" бөлігінде героин көрсетілуі керек, өйткені анықтама бойынша "А" бөлшегінің 21 жолында, есірткілік құралдардың "кестесінде көрсетілген, морфин 2 кестенің "есірткілер" бөлігіндегі 139 жолында көрсетілген сірке суы қышқылының ангидриды "Тізбе" 2-ші бөлігіндегі 4-ші кестенің 264 жолында көрсетілген.

1-2-бағандарда граммдарда, миллилитрлерде көрсетілген есірткі заттары мен жүйкеге әсер ететін заттардың есептік кезеңде алып қойылған жалпы саны бейнеленеді, олардың ішінен 3-4-бағандарда қозғалған қылмыстық істер бойынша, 5-6-бағандарда бас тарту материалдары бойынша, 7-8-бағандарда әкімшілік іс жүргізу бойынша ерекшеленеді.

9-10-бағандарда контрабандалық жолмен келіп түскендер ескеріледі.

11-12-бағандарда жойылған есірткі заттары мен жүйкеге әсер ететін заттардың жалпы саны бейнеленеді, солардың ішінен: сот шешімі бойынша - 13-14-бағандарда, басқа да мемлекеттік органдардың шешімдері бойынша - 15-16-бағандарда көрсетіледі. 17-18-бағандарда сақтау, ғылыми, өндірістік, емдік және

басқа да мақсаттарда пайдалану үшін тапсырылған тиісті құзыретті органдарға (мекемелерге) тапсырылған есірткі заттары мен жүйкеге әсер ететін заттардың саны, солардың ішінен: сот шешімі бойынша - 19-20-бағандарда, басқа да мемлекеттік органдардың шешімдері бойынша - 21-22-бағандарда бейнеленеді. 23-24-бағандарда қызметтік-ізвестіру иттерін қолдану арқылы алып қойылған есірткі заттары мен жүйкеге әсер ететін заттардың саны бейнеленеді. 25-26-бағандарда есептік кезеңнің аяғына алып қойылған есірткі заттары мен жүйкеге әсер ететін заттар қалдығы салмағының жалпысаны бейнеленеді, солардың ішінен 27-28-бағандарда қозғалған қылмыстық істер бойынша ерекшеленеді, 29-30-бағандарда бас тарту материалдары бойынша, 31-32-бағандарда әкімшілік іс жүргізу бойынша көрсетіледі.

Б және В кестелері N1-N нысанды есептің 3-бөлімінің А кестесі үшін белгіленген ережелер бойынша толтырылады.

А-1-кестесіндегі 1-2-бағандарда қосымшаларда граммдарда, миллиграммдарда айқындалған есептік кезеңде құқық қорғау органдарының бірлескен іс-шараларының барысында алынған есірткілік заттардың, жүйкеге әсер ететін заттардың жалпы саны бейнеленеді, олардың ішінен 3-4-бағандарда ішкі істер органдарымен қозғалған қылмыстық іс бойынша алынған есірткілік заттардың және жүйкеге әсер ететін заттардың саны көрінеді, 5-6-бағандарда - ұлттық қауіпсіздік органдарымен, 7-8-бағандарда - кеден органдарымен, 9-10-бағандарда өзге құқық қорғау органдарымен, 11-12-бағандарда - ішкі істер органдарының кинолог қызметінің қатысуымен алынған есірткілік заттар және жүйкеге әсер ететін заттар есептеледі, 13-14-бағандарда - ұлттық қауіпсіздік органдарының кинолог қызметінің қатысуымен, 15-16-бағандарда - кеден органдарының кинолог қызметінің қатысуымен, 17-18-бағандарда өзге құқық қорғау органдарының кинолог қызметінің қатысуымен.

1 ден 259-ға дейінгі жолдар N1-N нысанды есеп 3 тарау А-кестесі үшін белгіленген ережелер бойынша толтырылады.

Б кестесінде қаралған килограмм, грамм, литрлерде берілген есірткі заттарды әзірлеу үшін пайдаланылған 15-1, 15-2, 15-3 бағандардан басқа прекурсорлардың жалпы саны бейнеленген.

Ескерту: 13-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Бас прокурорының 2004.02.10 N 7 , 2005.06.13 N 22 , 2007.03.12 N 7, 2008.11.06 N 64 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз), 2011.12.30 № 145 (4-т. қараңыз), 2012.09.03 № 104 (ресми түрде жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрықтарымен

13-1. Г кестесінің 1-бағанында зерттеуге келіп түскен объектілердің жалпы саны бейнеленеді. 2-3 бағандарда, 4-5 бағандарда сараптамаға шығындалғандардың жалпы саны, 6-7 бағандарда қайтарылғандардың жалпы

саны ерекшеленетін грамм, миллилитрлерде берілген есептік кезеңде алып қойылған есірткі, жүйкеге әсер ететін заттар саны бейнеленеді. 8-бағанда есептік кезеңде жүргізілген сараптаманың жалпы саны бейнеленеді.

Ескерту: 13-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас прокурорының 2007 жылғы 12 наурыздағы N 7 , өзгерту енгізілді - 2008.11.06 N 64 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрықтарымен.

13-2. Д кестесінің 1-бағанында зерделеуге келіп түскен объектілердің жалпы саны бейнеленеді. 2 және 3-бағандарда есептік кезеңде алынып қойылған, граммдар мен миллилитрлерде өлшенген прекурсорлардың саны бейнеленеді, солардан алынған 4 және 5-бағандарда сараптамаға шығындалған жалпы саны, 6 және 7-бағандарда қайтарылғандардың жалпы саны ерекшеленеді. 8-бағанда есептік кезеңде өткізілген сараптамалардың жалпы саны бейнеленеді.

Ескерту: 13-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас прокурорының 2008.11.06 N 64 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

13-3. "Сараптамаға шығындалған улы заттар туралы мәліметтер" Е кестесін толтыру тәртібі "Сараптамаға шығындалған прекурсорлар туралы мәліметтер" Д кестесін толтыруға ұқсас.

Ескерту: 13-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас прокурорының 2008.11.06 N 64 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

6. «Есірткі заттарды, жүйкеге әсер ететін заттарды тұтыну негізінде қылмыс жасаған және ПО есебінде тұрған адамдар туралы мәліметтер» 4-бөлімді қалыптастыру

Ескерту. 6-тараудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2012.09.03 № 104 (ресми түрде жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

14. Есептің N№1-Н нысанды осы бөлімде, есірткілік, уытқұмарлықтары қоздырылған күйде қылмыс жасаған, қылмыстық істері аяқталмаған тұлғалар бойынша мәліметтер бар.

Есептің бөлімі № 2.0 нысанды карточкадағы ақпарат негізінде қалыптастырылады.

Жолдарда, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің баптарына сәйкес, қылмыстар туралы мәліметтер көрсетіледі.

1-бағанда есірткілік, уытқұмарлығы қозған күйде қылмыс жасаған адамдардың жалпы саны көрсетіледі.

1-бағаннан 2-бағанда кәмелетке толмағандардың, 3-бағанда - әйелдердің саны көрсетіледі.

4-бағанда «Нашақорлық» диагнозы бар, қылмыс жасаған адамдардың жалпы

с а н ы

к ө р с е т і л е д і .

4-бағанның 5-бағанында кәмелетке толмаған адамдар белгіленеді.

4-бағанның 6-бағанында «Нашақорлық» диагнозы бар, қылмыс жасаған әйелдердің саны бөлектеңіп көрсетіледі.

7-бағанда ПО есепте тұрған адамдардың жалпы саны бейнеленеді.

7-бағанның 8-бағанында кәмелетке толмаған адамдар айрықшалаынады.

7-бағанның 9-бағанында әйелдер саны айрықшалаынады.

Ескерту: 14-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Бас прокурорының 2004.02.10 N 7, 2005.06.13 N 22, 2011.12.30 № 145 (4-т. қараңыз) бұйрықтарымен.

7. «Есірткі заттардың, жүйкеге әсер ететін заттардың, прекурсорлардың заңсыз айналымына байланысты әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамдар туралы мәліметтер» 5-тарауын қалыптастыру

Ескерту. 7-тараудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2012.09.03 № 104 (ресми түрде жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

15. 5 бөлім есебінде, есірткі заттармен заңсыз айналыс жасаумен, психотроптық заттармен, олардың құрамдық бұзушылық жасаған тұлғалар туралы мәліметтер бар.

Есептің 5-бөлімінің А кестесін Комитеттің аумақтық органдары Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіркелімінде № 5854 санымен тіркелген Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2009 жылғы 29 қыркүйектегі «Әкімшілік құқық бұзушылықтар және оларды жасаған адамдар туралы орталықтандырылған деректер базасын құру және оны жүргізу жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы» № 53 бұйрығымен бекітілген № 1-АП нысанды әкімшілік құқық бұзушылықты есепке алу жөніндегі карточканың негізінде құрады. Кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау жөніндегі комиссия Б кестесі бойынша «Кәмелетке толмағандар жасаған әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі істерді қарау нәтижелері туралы» мәліметтерді ұ с ы н а д ы .

5 кестесін құрастыру негізі ретінде әкімшілік жаза қолдану туралы қаулысы б о л а а л а д ы .

1-ші бағанда есірткі заттармен заңсыз айналыс жасаумен психотроптық немесе улы заттармен, оның құрамдық бөліктерін пайдаланумен байланысты әкімшілік жауапкершілікке тартылған тұлғалардың жалпы саны, 2-7-ші бағандарда 1-ші бағаннан кәмелетке толмағандар, әйелдер, Қазақстанның, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар көрсетіледі.

1-жолда әкімшілік жауапкершілікке тартылған адамдар саны көрсетіледі,

соның ішінде 2-жолда - оларға әкімшілік тұтқындауды, 3-жолда әкімшілік айыппұлды, 4-жолда арнайы құқығынан айыруды қолдана отырып.

5 және 6-жолдарда тиісінше салынған және өндіріп алынған айыппұл сомасы көрсетіледі.

1-жолдан 7-19 жолдарда Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің баптарына сәйкес құқық бұзушылықтың түрлері бойынша адамдар туралы мәліметтер көрсетіледі.

Ескерту: 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас прокурорының 2011.12.30 № 145 (4-т. қараңыз) бұйрығымен.

8. «Жабайы сораның өсу, апиындық, майлы көкнәрдің, сораның, қылдың және құрамында есірткі заттары бар өсімдіктердің басқа да түрлерінің өсу алқаптарын және заңсыз егістерін анықтау және жою туралы мәліметтер» 6-тарауын қалыптастыру

Ескерту. 8-тараудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2012.09.03 № 104 (ресми түрде жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

16. Есептің 6-бөлімі қылмыстық қудалау органдары қоятын 1.0, 1-Н нысанды карточкаларының негізінде құрылады және онда заңсыз егулерді немесе егуге тыйым салынған өсімдіктерді өсіруді немесе сораның, көкнәрдің немесе құрамында есірткі заттары бар өзге де өсімдіктердің сұрыптарын өсіруді анықтау және жою туралы мәліметтер бар.

Ескерту: 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас прокурорының 2011.12.30 № 145 (4-т. қараңыз) бұйрығымен.

9. «Есірткі заттарын, жүйкеге әсер ететін заттарды, прекурсорларды пайдаланатын адамдарды есепке алу нәтижелері туралы мәліметтер» 7-тарауын қалыптастыру

Ескерту. 9-тараудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2012.09.03 № 104 (ресми түрде жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

17. «Есірткі заттарын, жүйкеге әсер ететін заттарды және прекурсорларды пайдаланатын адамдар туралы мәліметтер» А кестесі 13 бағаннан (А, Б, 1-ден 13-ке дейінгі бағандар) және 20 жолдан тұрады. Бағандарда адамдардың саны көрсетіледі: олардың ішінде әйелдер, кәмелетке толмағандар, есірткіге тәуелді адамдар (олардың ішінде: әйелдер және кәмелетке толмағандар), эпизодтық түрде тұтынатын адамдар; 1-ден 7-ге дейінгі бағандарда есірткі және жүйкеге

әсер ететін заттарды пайдаланатын адамдар туралы, 8-13 бағандарында прекурсорларды пайдаланатын адамдар туралы деректер көрсетіледі. Барлық бағандарда диспансерлік және профилактикалық есепте тұрған адамдар саны көрсетіледі.

1-жолда есептік кезеңнің басында есірткі, жүйкеге әсер ететін заттарды және прекурсорларды пайдаланатын адамдар саны көрсетіледі. Есептік кезеңнің соңында есепте тұрған адамдар саны 13-жолдан келесі есептік кезеңнің (жылдың) 1-жолына тасымалданады. 1-жолдың көрсеткіштері тұтас есептік кезең ағымында өзгертілмейді. 2-жолда есептік кезеңде есепке алынған, соның ішінде 2-жолдан 3-жолда бірінші рет есепке алынған адамдар көрсетіледі. 2-жолдан 3 және 3-1 жолдарында бірінші рет есепке алынған және бас бостандығынан айыру орындарынан келген, есірткіге тәуелділіктен жазылмаған және тұрғылықты орны бойынша емдеуді қажет ететін адамдар есепке алынады.

4-жолда есептік кезеңде есептен шығарылған, олардың ішінде 5-тен 12-ге дейінгі жолдарда мынадай негіздерде: 5 жылдан астам ремиссияда болуға, сотталуға, тұрақты тұрғылықты орнын ауыстыруға, қайтыс болуына, артық дозадан қайтыс болуына, басқа жастық топқа ауысуына және басқа да себептерге байланысты есептен шығарылған адамдар көрсетіледі. 14-тен 17-ге дейінгі жолдарда 13-жолдан есептік кезеңнің соңында жас топтары бойынша есепке алынған адамдар туралы деректер көрсетіледі; 18-ден 20-ға дейінгі жолдарда – тұрғылықты орны және қызмет түрі бойынша деректер көрсетіледі.

Б кестесінде есірткі заттарының, жүйкеге әсер ететін, соның ішінде улы заттардың және прекурсорлардың түрлері туралы мәліметтер көрсетіледі.

1-бағанда есептік кезеңнің соңында есепте тұрған есірткі заттарын, жүйкеге әсер ететін, соның ішінде улы заттарды және прекурсорларды пайдаланатын адамдардың жалпы саны көрсетіледі.

Сонымен қатар 8, 9, 10 бағандарында есірткі заттарын, жүйкеге әсер ететін, соның ішінде улы заттарды және прекурсорларды артық дозада тұтынудан қайтыс болған адамдар, соның ішінде әйел адамдар, кәмелетке толмағандар ескеріледі. 1-30 жолдарында есірткі заттары, жүйкеге әсер ететін заттар және прекурсорлар олардың ХАЖ-10 халықаралық ауру жіктелімдері бойынша көрсетіледі. 31-жолда 1, 12 және 22 жолдар көрсеткіштерінің сомасы көрсетіледі.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2012.09.03 № 104 (ресми түрде жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен

17-1. В кестесінде есірткі заттарын, жүйкеге әсер ететін, сонымен қатар улы заттарды және прекурсорларды артық дозада қолданғаннан немесе олардың улы әсерінен қайтыс болған адамдар туралы деректер көрсетіледі. Кесте 9 бағаннан және 5 жолдан тұрады. Бағандарда есептік кезеңде есірткі заттарды және жүйкеге

әсер ететін, сонымен қатар улы заттарды артық дозада қолданғаннан немесе олардың улы әсерінен қайтыс болған адамдар, сонымен қатар наркологиялық емдік-профилактикалық мекемелерде есептік кезеңнің басында есепте тұрғандар, олардың ішіндегі әйелдер (2 және 3 бағандар), 4-бағанда прекурсорларды артық дозада пайдаланғаннан немесе олардың улы әсерінен қайтыс болғандардың барлығы, ал 5 және 6 бағандарында соның ішінде есептік кезеңнің басында наркологиялық емдік-профилактикалық мекемелерде диспансерлік есепте тұрғандардың барлығы және олардың ішіндегі әйелдер саны көрсетіледі.

Жолдарда бағандарға сәйкес есептік кезеңде барлық қайтыс болғандар бойынша (1-жол), сонымен қатар жастары бойынша деректер көрсетіледі: 14 жасқа дейін, 15-17 жас, 18-30 жас, 31 жас және одан жоғары (2-ден 5-ке дейінгі жолдар). Барлық бағандар бойынша 2-ден 5-ке дейінгі жолдардың қосындысы 1-жолға тең болуы тиіс.

Облыстар, Астана, Алматы қалалары әкімдіктерінің денсаулық сақтау басқармалары бастықтары есептің 7-бөлімін (А, Б, В кестелері) қалыптастырып, қол қояды.

Ескерту. 17-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2012.09.03 № 104 (ресми түрде жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен

10. «Есірткі заттарына, жүйкеге әсер ететін немесе улы заттарға және прекурсорларға қатысты соттарда қаралған қылмыстық істер саны туралы мәліметтер» 8-тарауын қалыптастыру

Ескерту. 10-тараудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2012.09.03 № 104 (ресми түрде жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

18. Есептің 8 бөлімінің А кестесі бірінші сатылы соттардың қылмыстық істерді қарауы туралы мәліметтерді көрсетеді және Комитеттің аумақтық органдары Қазақстан Республикасы сот органдарының Бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесі базасынан алынған мәліметтер негізінде құрады.

Есірткілік құралдарға және жүйкеге әсер ететін немесе улы заттарға және прекурсорларға байланысты қылмыстық істер 8-бөлімінің А кестесінде сот қаулысында немесе шешімінде келтірілген Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодекстің баптарына сәйкес бөлініп орналастырылады, мұндай жағдайда келесілерді басшылыққа алу қажет:

1) бөлімде көзделген қылмыстардың жиынтығы кезінде іс неғұрлым қатаң жаза көздейтін Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодекстің бабы

б о й ы н ш а е с е п к е а л ы н а д ы ;

2) Заңда көзделген санкциялардың тепе-теңдігі кезінде қылмыстың аз таралуы белгілері бойынша есепке алынады;

3) бөлімде көзделмеген аса ауыр қылмыстар жиынтығы кезінде нашақорлықпен байланысы бар істер көрсетуге жатады.

Мысалы, есептің тиісті жолында Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 259-бабында көзделген қылмыстар туралы сот шешімі, әрекеттер сараланған жағдайда Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодекстің 259-бабы және 96-баптың 2-бөлігі бойынша көрсетілуі керек.

Ескерту: 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас прокурорының 2011.12.30 № 145 (4-т. қараңыз) бұйрығымен.

19. Б кестесі заңды күшіне енген сот шешімдері жөніндегі мәліметтерді көрсетеді және Қазақстан Республикасы сот органдарының Бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесі базасынан алынған мәліметтердің негізінде Комитеттің аумақтық органдары қалыптастырады.

Ескерту: 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас прокурорының 2011.12.30 № 145 (4-т. қараңыз) бұйрығымен.

2 0 . < * >

Ескерту: 20-тармақ алынып тасталды - ҚР Бас прокурорының 2011.12.30 № 145 (4-т. қараңыз) бұйрығымен.

11. «Есірткі заттарын, жүйкеге әсер ететін заттарды және прекурсорларды пайдаланатын адамдарды түзету мекемелерінің есепке алу нәтижесі туралы мәліметтер» 9-тарауын қалыптастыру

Ескерту. 11-тараудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2012.09.03 № 104 (ресми түрде жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Ескерту: 11-тараумен толықтырылды - ҚР Бас прокурорының 2008.11.06 N 64 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

21. Есептің 9-бөлімінде есірткі заттарды, жүйкеге әсер ететін заттарды және прекурсорларды қолданатын, түзету мекемелерінде жүрген тұлғалардың жалпы саны туралы мәліметтер бейнеленеді.

1-жолда есірткі заттарды, жүйкеге әсер ететін заттарды және прекурсорларды қолданатын, есептік кезеңнің басында есепте тұрған тұлғалардың саны көрсетіледі. Есептік кезеңнің аяғында есепте тұрған тұлғалар санының көрсеткіштері бір жылдың қорытындылары бойынша 11-жолдан келесі есептік кезеңнің (жылдың) 1-жолына ауыстырылады. 1-жолдың көрсеткіштері бүтіндей есептік кезең бойы өзгертілмейді.

2-жолда есептік кезеңде есепте тұрған тұлғалар, солардың ішінен 3-жолда – бірінші рет есепке алынғандар ескеріледі. 4-жолда есептік кезеңде есептен алынған тұлғалардың саны көрсетіледі, соның ішінде 5-10-жолдарда мынадай негіздер бойынша есептен алынған тұлғалар ерекшеленеді: 5 жылдан астам уақытта есепке қайта алынбау, мекемеден шығып кету, соның ішінде әрі қарай емдеуді қажет ететін тұлғалар және өлімге душар болуға байланысты.

11-жолдан алынған 12, 13, 14, 15-жолдарда жас санаттарына бөлінетін есептік кезеңнің аяғында есепте тұрған тұлғалар бейнеленеді.

1-бағанда есірткі заттарды және жүйкеге әсер ететін заттарды және прекурсорларды қолданатын, бас бостандығынан айыру жерлерінде есепке қойылған есепте тұрған тұлғалар ескеріледі, соның ішінде 2-бағанда есірткілік байланыстылықтан мәжбүрлеп емдеу туралы соттың ұйғарымы бар тұлғалар ерекшеленеді. 1-бағаннан алынған 3-5-бағандарда жоғарыда көрсетілген тұлғалар әйелдерге, кәмелетке толмағандарға және есірткілік байланыстылығы бар тұлғаларға бөлінеді.

Ұқсас түрде тиісті бағандарда прекурсорлар қолданатын тұлғалар да есепке алуға жатады.

Есептің 9-бөлімін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің облыстардағы және Астана мен Алматы қалаларындағы аумақтық бөлімшелерінің басшылары қалыптастырып, оған қол қояды.

Ескерту: 21-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Бас прокурорының 2011.12.30 № 145 (4-т. қараңыз) бұйрығымен.

*Қазақстан Республикасының
Бас Прокуратура жанындағы
құқықтық статистика және
ақпарат Орталығы (Департамент)*

1-бөлім. Есірткі заттардың, психотроптық немесе улы заттардың және прекурсорлардың заңсыз айналымымен байланысты қылмыстар туралы мәліметтер

Ескерту: 1-бөлім алып тасталды - ҚР Бас прокурорының 2011.12.30 № 145 (4-т. қараңыз) бұйрығымен.

2-бөлім. Есірткі заттардың, психотроптық және улы заттардың заңсыз айналымына байланысты қылмыстар жасаған тұлғалар туралы мәліметтер

Ескерту: 2-бөлім алып тасталды - ҚР Бас прокурорының 2011.12.30 № 145 (4-т. қараңыз) бұйрығымен.

3 Бөлім. Алынған есірткілік құралдар, психотроптық заттар, олардың құрамдық бөліктері және улы заттар жөніндегі мәліметтер

Ескерту: 3-бөлім алып тасталды - ҚР Бас прокурорының 2011.12.30 № 145 (4-т. қараңыз) бұйрығымен.

Бөлімі 4. Есірткілік құралдар, психотроптық заттарды пайдалану негізінде қылмыс жасаған тұлғалар және ПО есепке алынғандар туралы мәліметтер (тергелуі аяқталған істер жөнінде)

Ескерту: 4-бөлім алып тасталды - ҚР Бас прокурорының 2011.12.30 № 145 (4-т. қараңыз) бұйрығымен.

5-бөлім. Есірткі заттармен, психотроптық заттармен және прекурсорлармен заңсыз айналысуға байланысты әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған тұлғалар туралы мәліметтер

Ескерту: 5-бөлім алып тасталды - ҚР Бас прокурорының 2011.12.30 № 145 (4-т. қараңыз) бұйрығымен.

6 Бөлім. Жабайы өсетін сора аумақтарын, апиынды, майлы көкнәр, сора, қылша және басқада құрамында есірткілік заттары бар өсімдіктердің заңсыз егістіктері мен аумақтарын анықтап және жою туралы деректер

Ескерту: 6-бөлім алып тасталды - ҚР Бас прокурорының 2011.12.30 № 145 (4-т. қараңыз) бұйрығымен.

7 бөлім. Есірткі заттарын, жүйкеге әсер ететін заттарды және прекурсорларды теріс пайдаланатын тұлғаларды есепке қою нәтижелері туралы мәліметтер

Ескерту: 7-бөлім алып тасталды - ҚР Бас прокурорының 2011.12.30 № 145 (4-т. қараңыз) бұйрығымен.

8-бөлім. Есірткі заттармен, психотроптық және улы заттармен, прекурсорлармен байланысты соттармен қаралған қылмыстық істердің саны туралы мәліметтер

Ескерту: 8-бөлім алып тасталды - ҚР Бас прокурорының 2011.12.30 № 145 (4-т. қараңыз) бұйрығымен.

9-бөлім. Есірткі заттарды, жүйкеге әсер ететін заттарды және прекурсорларды қолданатын, түзету мекемелерінде жүрген тұлғаларды есепке қою нәтижелері туралы мәліметтер

Ескерту: 9-бөлім алып тасталды - ҚР Бас прокурорының 2011.12.30 № 145 (4-т. қараңыз) бұйрығымен.

Есірткі заттарының, жүйкеге әсер ететін немесе улы заттардың, прекурсорлардың заңсыз айналымына байланысты қылмыстар және құқық бұзушылықтар, оларды пайдаланушы адамдар туралы» № 1 - Н нысанды есепті құрастыру жөніндегі Нұсқаулықта қосымша

Ескерту: Қосымшамен толықтырылды, өзгеріс енгізілді - ҚР Бас прокурорының 2011.12.30 № 145 (4-т. қараңыз), 2012.09.03 № 104 (ресми түрде жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрықтарымен.

Нысан

"Есірткі заттардың, психотроптық заттардың және прекурсорлардың заңсыз айналымымен байланысты қылмыстар мен құқық бұзушылықтар және оларды пайдаланатын адамдар туралы" №1-Н есеп 1-бөлім. Есірткі заттардың, психотроптық немесе улы заттардың және прекурсорлардың заңсыз айналымымен байланысты қылмыстар туралы мәліметтер		20__ жылғы «__» _____ тоқсан сайынғы Қазақстан Республикасы		
Атауы		Қылмыстық істері есептік кезеңде іс жүргізуде болған қылмыстардың саны	Есептік кезеңде тіркелген қылмыстардың саны	Қылмыстық іс есептік кезең сотқа жіберіл қылмыстарды саны
А	Б	1	2	3
Есірткі заттарға, психотроптық және улы заттарға байланысты қылмыстар	1			
Заңсыз жолмен алынған ақшалай қаражатты және басқа да мүлікті заңдастыру (ҚР ҚК 193-бб)	2			
Ұйымдасқан қылмыстық топты немесе қылмыстық қоғамдастықты (3			

	кылмыстық ұйымды) құру және оған басшылық ету, кылмыстық қоғамдастыққа қатысу (ҚР ҚК 235-бб.)				
	Айналыстан алынған заттардың немесе айналысы шектелген заттардың контрабандасы (ҚР ҚК 250 бабы)	4			
	Есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемденіп алу, сақтау, тасымалдау, жөнелту немесе сату (ҚР ҚК 259-бб.)	5			
	Есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды сату мақсатынсыз көп мөлшерде заңсыз иемденіп алу, тасымалдау немесе сақтау (ҚР ҚК 259-бб. 1-1 б.)	6			
	Есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды өткізу мақсатында өте ірі мөлшерде заңсыз иемденіп алу, тасымалдау немесе сақтау, дайындау, өңдеу, жөнелту немесе өткізу (ҚР ҚК 259-бб. 2-б.)	7			
	Есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды өткізу мақсатында өте ірі мөлшерде заңсыз иемденіп алу, тасымалдау немесе сақтау, дайындау, өңдеу, жөнелту немесе өткізу (ҚР ҚК 259-бб. 2-1 б.)	8			
	Есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды өткізу мақсатында ірі мөлшерде заңсыз сатып алу, тасымалдау немесе сақтау, дайындау, өңдеу, жөнелту не өткізу (ҚР ҚК 259-бб. 3-б.)	9			
	алдын-ала сөз байласқан адамдар тобы жасаса (ҚР ҚК 259-бб. 3-б. "а" -т.)	10			
	бірнеше рет (ҚР ҚК 259-бб. 3-б. "б" -т.)	11			
олардың ішінде	соның ішінде есірткі заттарға немесе психотроптық заттарға қатысты	12			

соның ішінде		өте ірі мөлшерде (ҚР ҚК 259-б. 3-б. "в"-т.)				
		лауазымды тұлға қызмет бабын пайдалану арқылы (ҚР ҚК 259-бб. 3-б. "г"-т.)	13			
		Есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды өткізу, дайындау, өңдеу, жөнелту не өткізу мақсатында заңсыз иемденіп алу, тасымалдау немесе сақтау (ҚР ҚК 259-бб. 4-б.)	14			
	соның ішінде	ұйымдасқан топ немесе қылмыстық қоғамдастық (қылмыстық ұйым) жасаса (ҚР ҚК 259-бб. 4-б. "а"-т.)	15			
		білім беру ұйымдарында (ҚР ҚК 259-бб. 4-б. "б"-т.)	16			
		көрінеу кәмететке толмағандарға қатысты (ҚР ҚК 259-бб. 4-б. "в"-т.)	17			
		есірткі заттарды, психотроптық заттарды өткізу мақсатында немесе өткізуге байланысты қылмыстар	18			
		Есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды ұрлау не қорқытып алу (ҚР ҚК 260-б.)	19			
		адам өзінің қызмет бабын пайдалану арқылы (ҚР ҚК 260-бб. 2-б. "в"-т.)	20			
		өмірге немесе денсаулыққа қауіпті емес күш қолдану не осындай күш қолданумен қорқыту арқылы	21			

	солардың ішінде	жасалса (ҚР ҚК 260-бб. 2-б. "г"-т.)			
		ірі мөлшердегі есірткі заттар немесе психотроптық заттарға қатысты (ҚР ҚК 260-б. 3-б. "б"-т.)	22		
		өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш қолдану не осындай күш қолданумен қорқыту арқылы жасалса (ҚР ҚК 260-бб. 3-б. "в"-т.)	23		
		Есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды тұтынуға көндіру (ҚР ҚК 261-бб.)	24		
солардың ішінде	солардың ішінде	көрінеу кәмелетке толмаған адамға не екі немесе одан да көп адамға қатысты жасалса (ҚР ҚК 261-бб. 3-б. "а"-т.)	25		
		күш қолдану немесе оны қолданумен қорқыту арқылы жасалса (ҚР ҚК 261-бб. 3-б. "б"-т.)	26		
		Құрамында есірткі заттар бар өсіруге тыйым салынған өсімдіктерді заңсыз өсіру (ҚР ҚК 262-бб.)	27		
		Улы заттардың, сондай-ақ есірткі заттарын, психотроптық заттарды немесе улы заттарды дайындау не өңдеу үшін пайдаланылатын заттардың, құралдардың немесе жабдықтардың заңсыз айналымы (ҚР ҚК 263-бб.)	28		
		Есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды	29		

2-бөлім. Есірткі заттардың, психотроптық немесе улы заттардың және прекурсорлардың заңсыз айналымымен байланысты қылмыс жасаған адамдар туралы мәліметтер

Ескерту: 2-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Бас прокурорының 2012.09.03 № 104 (ресми түрде жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен

Атауы			Адамдардың барлығы	
А		Б	1	
